# ЕЛ БІРЛІГІ – ЕҢ АСЫЛ ҚАСИЕТ

*Н.Ә.Назарбаев*

*Аялаймын сені, Қызылорда!*

# Ақмешіт апталығы

1 мамыр сенбі
№34 (1736)
2021 жыл

Газет 1994 жылдың 15 сәуірінен бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-ақпараттық тарихи-танымдық газет •

*E-mail: akmeshit.kz@mail.ru*


ҚАЗАҚСТАН ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ 30 ЖЫЛ

## ҚҰТТЫҚТАУ

**Құрметті қызылордалықтар!**

Сіздерді ырысты ынтымақтың, берекелі бірлік пен тату тірліктің, достық пен бейбітшіліктің мейрамы – 1 мамыр – Қазақстан халқының бірлігі мерекесімен шын жүректен құттықтаймын!

Бұл мереке – баға жетпес байлығымыз Тәуелсіздігіміздің берік тірегі. Берекені көздеген еліміздің – мерекелі тірлігінің арқауы. Бұл күні біз 130-дан астам тағдырлас этнос өкілдерін бір шаңыраққа сыйдырып, бір тудың астына жинап, татулығы мен тұтастығы мызғымас еңселі еліміз, іргелі мемлекетіміздің ауызбіршілігі мен ынтымағын дәріптей түсеміз.

Халқымызда «тірлік басқа болса да тілек бір, бармақ басқа болса да білек бір» деген дана сөз бар. Қашан да ішкі ынтымағы жарасқан елдің көптен көші озып, болашаққа басқан қадамы нық болары анық. Бүгінде тұрақтылықты ту етіп, тәуелсіздіктің 30 жылына қадам басқан еліміздің татулығының арқасында талай биікті бағындырып, экономикамыз әлденіп, халықтың тұрмыс-тіршілігі түзеліп келеді. Ортақ Отанымыздың дамып, гүлденуіне әрбір қазақстандықтың қосқан үлесі зор деп білемін.

**Қадірлі жерлестер!**

Егемен еліміз бен тамыры тереңге тартқан Қызылорда қаласының бүгінгі жетістіктері мен табыстарының бастауы – татулық пен тұтастық. Тұтастық пен татулық барда елдігімізге сына түспей, бейбітшілік пен береке салтанат құратыны белгілі. Ендеше ел ішін тату тірлікке бастап, берекемізді бекемдей түсейік.

Баршаңызды бүгінгі мерекемен құттықтай отырып, отбасыларыңызға амандық пен бақыт, шаңырақтарыңызға шаттық пен қуаныш, жан-ұяларыңызға жылулық пен мол табыс, денderіңізге саулық, кәсіптеріңізге береке тілеймін. Тәуелсіздігіміз мәңгі, бірлігіміз берік болғай!

**Құрметпен,**
**Қызылорда қаласының әкімі**
**Ғанибек ҚАЗАНТАЕВ**

# САБАҚТАСТЫҚ САЛТАНАТ ҚҰРҒАН ЖЕРДЕ СЕНІМГЕ СЕЛКЕУ ТҮСПЕЙДІ

**Аптаның сәрсенбісінде ел астанасында Тұңғыш Президент – Елбасы, Қазақстан халқы Ассамблеясының Төрағасы Нұрсұлтан Назарбаевтың төрағалығымен «Бірліктің, татулық пен келісімнің 30 жылы» тақырыбындағы Қазақстан халқы Ассамблеясының XXIX сессиясы өтті.**





Жиынға Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев, облыс әкімдері – Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалаларындағы және облыстардағы ҚХА төрағалары, орталық мемлекеттік орган-дар басшылары, Парламент депутаттары, Қазақстан Халқы Ассамблеясының мүшелері, аймақтық және республикалық этномәдени бірлестіктердің төрағалары, саяси партиялар, діни бірлестіктер, ҮЕҰ, ғылыми-шығармашылық интелегенция мен БАҚ өкілдері – барлығы 550-ден астам адам қатысты.

Сессия жұмысына Сыр елінен онлайн режим арқылы облыс әкімі – облыстық ҚХА төрағасы Гүлшара Әбдіқалықова, облыс әкімінің орынбасары – облыстық ҚХА төрағасының орынбасары Серік Ахмет, облыстық Ассамблеяның мүшелері және өңірдегі бірқатар этномәдени бірлестіктің жетекшілері қатысты.

Келелі жиында үндеу қабылданып, онда «30 жыл бұрын тәуелсіздікке алғаш қол жеткізгеннен бастап халқымыз, Қазақстанның Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың кемел басшылығымен, қоғамдық келісім мен жалпыұлттық бірлікті – ел дамуының басты ұстанымы ретінде таңдады. Бұл қағидат – табысты да ауқымды әлеуметтік-экономикалық реформалардың, саяси жүйені үздіксіз демократияландырудың, ұлттың әлеуметтік капиталын дамытудың мызғымас іргетасына айналды», – деп көрсетілген.

2 БЕТТЕ

## ӘБІГЕР ӘЛЕМ

BBC NEWS

## ҚАЗАҚ ҚҰРТЫ ШЕТЕЛ БАСЫЛЫМЫНДА

Әлемге танымал BBC басылымының Саяхат бөлімінде қазақтың құртына арналған мақала жарық көрді. Біз үшін ең дәмді тағамның бірі болып саналатын құрт шетелдіктерлі таңғалдырды. Мақаланы экология, тарих пен мәдениет тақырыптарын қозғап жүрген Әлия Өтеуова дайындаған. Оның материалына «Құрт: қазақтың «төзімді» ірімшігі» деген тақырып қойылған.

Алия құртты өз балалық шағымен байланыстырады. Тәуелсіздік туын енді көтерген Жаңа Қазақстанның алғашқы күндері ол кішкентай болған. Оның бала көздері түрлі шоколад пен сусындарға қызықса да анасы оған «ақ шоколадты трюфельге» ұқсайтын тұзды қышқыл құртты алып беретін болған. Автор сондай-ақ ол кезде құртты жергілікті базарларда әйелдердің сатып отырған кездерін де еске алады.



Материалда автор құрттың құрамына, оның шығу тарихына да тоқталып өтеді. Ашытылған сүттен жасалған ортаазиялық қатқан ірімшікті, құртты – көпшенділер ойлап тапқан ең құнды қазынаға теңейді. Құртты Иранда – каш, Арменияда – чортан, ал моңғолдар – аарул деп атайтынын және оларға бұл тағам Ұлы Жібек жолы арқылы жеткеніне де тоқталады.

Ал құрттың шығу тегі өзі бір бөлек тарих деп жазып, оның алғашында қалай жасалғаны туралы жазады.

Автор қазақ халқы 1920 жылы Кеңес үкіметінің қатарына кірген кезден бастап көшпелі өмірін тоқтатса да бұл өнімге деген сұраныс кемімегеніне де тоқталып өтеді. Бүгінде қымызбен бірге құртты да өз күйінде жеп, түрлі сусын мен тағамға қосады. Сүттегі ақуыздың құрамындағы холин, метионин мен кальцийі бар бұл өнім балалар мен егде жастағыларға өте пайдалы. Ал құртқа деген сұраныс 21-23 наурыз аралығында артады. Міне, осы мәліметтер арқылы оның бүгінгі тарихы мен пайдасына тоқталып өтеді.

Авторға берген сұхбатында қазақ этнографы Әйгерім Мұсағажынова «Дұрыс жасалған құрт оны тістей алмайтын құрғақ емес, сырты қатты және іші жұмсақтау болуы керек. Жалпы қазақтар құрт деген сөзді естігенде «лимон» туралы ойлаған кездегідей ауыздарына сілекей жиналып, қышқыл дәм ойға келеді», – дейді. Сонымен қатар автор мақалада А. Мұсағажынова 13 жыл бойы Қазақстанның әр ауыл-аймағын аралап, жоғалып бара жатқан 50-ден астам түрлі ұлттық тағамдардың дайындау үлгісі бар кітап шығарғанын да жазады.

Мақалада Батыс Қазақстанда түйе өсіру жақсы дамығандықтан құртты түйе сүтінен, ал Қазақстанның солтүстігінде көбіне құртқа жеміс-жидек қосу арқылы тәтті түрін, оңтүстік аймақта ауа-райы ыстық болғандықтан көп тұз қосылатыны туралы сөз қозғалады. Сонымен қатар оны кептіруге байланысты түрлі әдіс-тәсілдері де айтылады.

– Менің әжем құрт жасаған кезде өзінің саусақтарының ізін қалдырып кететін. Мен оған ренжіп, жасау барысында абайлау керектігін ескертіп отыратынмын. Ол іздердің құрттың тез кебуіне көмектесетінін өсе келе білдім. Жалпы құрт мені балалық шағыммен байланыстырады. Мен құрт жасап отқанымда жанымда әжем бардай елестетемін, – дейді бүгінде ірі көлемде құрт жасап, кәсібін дөңгелетіп отырған Жансұлу Жиенбаева.

Құрт туралы түрлі тарихи деректердің ішіндегі ең көп айтылатын еңбек лагеріндегі оқиға да мақаладан орын табады. Ақмола облысындағы Алжир музейі Ұлы Отан соғысы кезінде тұтқындалған неміс пен орыс әйелдерінің еңбек лагері болды. Сол лагерде болған неміс әйелі Гертруд Плайтас күйзеліске ұшырап, алқапта жұмыс істеп жүргенде сол ауылдың кішкентай балалары мен әйелдері тас секілді ақ зат лақтыратын болған. Басында қамауға алынғандар ауыл адамдары ашуланғаннан тас лақтырады деп ойлаған. Бірақ кейін ол «тасты» жеуге болатынын түсініп, күндерін күнге жалғап жүрген.

Бүгінде құрт өндірісі қайтадан белең алып келе жатыр. Бұған мақала кейіпкері Нағима Жарылқасымова дәлел бола алады. Ол бұған дейін мектепте бастауыш сынып мұғалімі болып қызмет еткен. Бірде ол оқушыларын мал бағатын фермаға апарып, оқушыларының қызығушылығынан өзі де шабыт алған. Осылайша ол құрт жасап сатуды қолға алып, бүгінде түрлі-түсті құрт дайындайды. Құртқа түс беру үшін қоспа емес, қарапайым қызылша, асқабақ секілді көкөністі қолданады. «Мұндай түрлі түсті құрт жиын-тойда бірден көзге түседі», – дейді ол.

Мақала соңында автор кішкентай кезінде бұл кішкентай құрттардан бас тартқаны үшін әлі күнге дейін өкінетінін жазады. Бала арманмен гастрономияға бай Нью-Йоркке көшіп кеткен Әлия Өтеуова құртқа деген сағынышын жасырмайды. «Мен мұндай жүріп үйімді сағынғанда осы қышқыл дәм аузыма келеді. Сол кезде маған тамақпен бірге құрт беретін әжем, қоңырау уақытында бөлісетін сыныптастарым, көшпелі замандағы қазақ халқы еске түседі» дейді автор мақалада.

4 БЕТТЕ

ЕГІНЖАЙ – 2021

# ДАЛАДА ДҮБІР БАСТАЛДЫ

**Ақмаржанымен аты шыққан Сыр елінің ырысы күріші екені белгілі. Сол себепті де Қызылорданы былайғы жұрт күрішті өлке деп біледі.**

**Бейсенбі күні қалаға қарасты Қарауылтөбе ауылдық округінің егіс алқабына алғашқы дән себілді. Даладағы дүбірлі шараға қала әкімінің орынбасары Асқарбек Есжанов қатысып, жаппай күріш егу науқанын бастады.**





– Биыл көктемгі дала жұмыстары уақытылы, жоспарға сәйкес басталды. Техникалар көктемгі дала жұмыстарына қатысуда. Дихандарымыздың еңбегі еселеніп, мол өнім жинауға күш салуымыз керек, – деді қала әкімінің орынбасары.

Биыл қала дихандары жалпы аумағы 8 мың 750 гектар жерге ауыл шаруашылығы дақылдарын егуді межелесе, оның ішінде 3 мың 835 гектарға күріш егіледі. Сонымен қатар 419 гектарға бидай, қант құмайын – 40, арпаны – 10, сұлыны – 5, мақсарыны – 40 гектар аумаққа ексе, мал азықтық дақылдарды 1618 гектарға, көкөніс, бақша дақылдарын 2783 гектарға егуді жоспарлап отыр.

2 БЕТТЕ

**2012 жылы басталған шыны зауытының құрылысы созылып кетті. Жыл сайын «биыл шыны зауыты ашылады» делінгенмен құрылысы аяқталар емес. Басталғалы басынан «проблема» арылмаған шыны зауыты биыл іске қосыла ма? Зауытты ел игілігіне беру үшін не кедергі болып тұр?**

# ШЫНЫ ЗАУЫТЫНЫҢ ЖЫРЫ ҚАШАН БІТЕДІ?

Бейсенбіде облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықова, қала басшысы Ғанибек Қазантаев Қызылордадағы «Табақ шыны өндіру және өңдеу» зауытына барып, жүріп жатқан құрылыс жұмыстарын бақылап қайтты. «Orda Glass Ltd» серіктестігі жетекшілік ететін зауыт құрылысының 80 проценттен астамы аяқталған. Енді қалғаны балқыту ваннасы мен пештің жабдықтарын орнату. Бұл жұмыстарды аяқтау үшін жоғары білікті инженерлердің көмегі керек. Ал ондай мамандар өкінішке орай, біздің елден табылмапты. Шетелден шақырту қажет. Бұл жұмыстарды соңына жеткізу үшін техникалық ерекшеліктер 4 ай және +10°С-тан жоғары жылы режим жағдайын қажет етеді екен.

2 БЕТТЕ




**Қала әкімдігінде бірқатар сала басшылары жиналып, маңызды мәселелердің тінін тарқатты. Жиынға облыс әкімінің орынбасары Серік Сүлейменов пен қала әкімі Ғанибек Қазантаев басшылық етті. Басқарма басшылары, қалалық бөлімдер мен коммуналдық мекеме басшылары қатысқан мәжілісте коммуналдық маңызды мәселелер талқыланып, оны шешу жолдары айтылды.**



# АҚСУАТҚА ГАЗ БАРАТЫН КҮН ЖАҚЫН

Жиында тұрғын үй құрылысы, газ, жарық, жылу мен тасымалдау саласындағы түйткілді мәселелер қозғалды. Үй құрылысы бойынша облыс әкімінің орынбасары апаттық үйлердің тұрғындары мен үй кезегінде тұрған көпбалалы аналарды тезірек баспанамен қамту керектігін айтты.

3 БЕТТЕ

# САБАҚТАСТЫҚ САЛТАНАТ ҚҰРҒАН ЖЕРДЕ СЕНІМГЕ СЕЛКЕУ ТҮСПЕЙДІ




Сессия барысында Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев Қазақстан халқы Ассамблеясының төрағасы лауазымын еліміздің Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевқа тапсырды.

– «Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы туралы» Конституциялық заңға, Ассамблея туралы заңға сәйкес маған Қазақстан халқы Ассамблеясының төрағасы лауазымын өмір бойы атқару құқығы берілген. Жалпы, мен сіздермен барлық уақытта бірге боламын әрі одан бас та тартпаймын. Дегенмен Ассамблеяны басқаруға қатысты бірқатар құзірет еліміздің Президентіне жүктелген. Қазақстан халқы Ассамблеясы тірек ретінде іс басындағы Президенттің жанында тұруы тиіс және екінші жағынан Мемлекет басшысы да Ассамблеяға арқа сүйейді. Сондықтан мен Ассамблеяны басқару құқығымды Президент Қасым-Жомарт Тоқаевқа беру туралы шешім қабылдадым, – деді Елбасы.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өз сөзінде Ассамблеяны басқару өте жауапты жұмыс екенін атап өтіп, өзіне жүктелген міндетті жауапкершілікпен атқаруға уәде берді.

– Ең алдымен сенімдеріңізге шын жүректен алғыс айтамын. Ассамблеяны басқару – өте жауапты жұмыс. Бұл – үлкен саясат. Сондықтан осы міндетті жауапкершілікпен атқарамын деп айтқым келеді, – деді Президент.

Мемлекет басшысы сондай-ақ Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың Қазақстанды дамыған елдер қатарына қосудағы еңбегіне, еліміздегі этностардың жарасымды татулығына тоқталып өтті.

– Сіз тәуелсіздігімізді нығайтып, Қазақстанды дамыған елдер қатарына қосу үшін, ең алдымен, ауызбіршілік, татулық аса қажет екенін үнемі айтып келесіз. Бұл – көне заманнан келе жатқан ақиқат, қазіргі ұрпаққа да қажетті құндылық. Табысты реформаларыңыздың мызғымас тұғыры – халқымыздың бірлігі. Ал еліміздің бірегейлігі – әр алуан ұлт пен ұлыстың жарасымды татулығы. Сіз «Қазақстан жолы» тұжырымдамасын бүкіл әлемге паш еттіңіз. Қазіргі таңда мемлекетіміздің дара жолын дүние жүзі мойындайды және жоғары бағалайды. Жаһан жұртшылығы сізді аса көрнекті реформатор және әлем деңгейіндегі саясаткер ретінде құрметтейді. Сіздің парасатты басшылығыңызбен қол жеткізген табыстарымыз мәңгілік тарихи мән-маңызға ие болды. Сондықтан елдік жолында сіңірген ерен еңбегіңіз әлемнің және Қазақстанның тарихында мәңгі жазылатыны сөзсіз. Халқымыздың тату-тәтті тіршілігі – сіздің салиқалы саясатыңыздың арқасы. Осы дәстүрді сақтап, елімізді одан әрі өркендету қашанда маңызды. Осыған орай, мемлекеттік саясаттың сабақтастығы айрықша маңызға ие. Бұл Қазақстанның болашағы үшін керек екені айдан анық,– деп атап өтті Президент.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевқа Ассамблеяның Құрметті Төрағасы болу туралы ұсынысын жеткізді.

– Құрметті Нұрсұлтан Әбішұлы, Ассамблеяның Құрметті Төрағасы болу жөніндегі біздің ортақ ұсынысымызды қабыл алуыңызды сұраймыз. Бұл мәртебе халқымыз бен мемлекетіміздің алдындағы тарихи еңбегіңіз үшін сізге лайық. Ассамблеяның барлық мүшесі бұл ұсынысты қолдайтынына сенімдімін, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Сессия біткеннен кейін аймақ басшысы – облыстық ҚХА төрағасы Гүлшара Әбдіқалықова облыстық ассамблея мүшелері мен өңірдегі этномәдени бірлестіктердің өкілдеріне алға қойған міндеттер бірлесіп орындалатынын айтты.

– Жаңа ғана өткен Қазақстан халқы Ассамблеясының XXIX сессиясында, Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев пен Мемлекет басшысы, Қазақстан халқы Ассамблеясының Төрағасы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев алдымызға бірқатар жаңа міндеттер қойды. Алдағы уақытта сол міндеттерді жүзеге асыру мақсатында облыстық ассамблеяның XXIII сессиясын өткізуді жоспарлаймыз. Баршаңызды 1 мамыр – Қазақстан халқының бірлігі күні мерекесімен құттықтаймын! Тәуелсіздігіміз тұғырлы, еліміз еңселі болғай! – деді аймақ басшысы.

**«Ақмешіт - ақпарат»**

**Басы 1-бетте**

# ТАРИХЫ ТУЫС – ҰЛТ ПЕН ҰЛЫС

Бірлік болмай тірлік болмайтынын әу бастан ұрпақтан-ұрпаққа насихаттап келе жатқан халқымызда отбасының, ағайынның, елдің ауызбірлігі, татулығы бәрінен жоғары болған. Бұл қағида бүгінгі күні де өзектілігін жойған емес. Ата-баба ізін жалғаған бүгінгі қазақ елі 130-ға жуық өзге ұлт өкілдерімен бірге бір шаңырақ астында күн кешуде.

Қазақ жері – алмағайып күн кешіп, туған жер, туған елден жыраққа жер аударылған өзге жұрттың басы қосылып, тағдыры тоғысқан мекен. Тарихтың тар жол, тайғақ кешуін бастан өткізген осынша ұлттың қазіргі таңда татулықта күн кешуі ғасырлар бойы қалыптасты. Тұңғыш Президент – Елбасы Н.Назарбаевтың бұл атаулы күнді бірлік мерекесі етуі де тегін емес-ті. Мұның астарында тәуелсіздікке қол жеткізген көпэтносты жас мемлекеттің ұлтаралық, дінаралық татулықты сақтау, олардың бір атаның баласындай күн кешу мақсаты жатты.

Қазақ елінің тәуелсіздік алғанына да 30 жыл толды. Осы жылдар ішінде еліміз сонау ізгі мақсаттың орындалғанын дәлелдей алды. Оған еліміздегі барлық этнос өкілдерін ортақ мақсатқа жұмылдырып, тұрақтылықты сақтауда Қазақстан халқы ассамблеясының құрылуы да негіз болғанын атап өткен жөн. Тұңғыш Президент – Елбасы Н.Назарбаевтың бастамасымен ел астанасынан бой көтерген «Бейбітшілік және келісім» сарайы Қазақстан халқы ассамблеясының сессиясы, әлемдік дәстүрлі діндер съездері, өзге де іс-шаралар өткізілетін орынға айналды. Әр облыстағы «Достық үйлері» де ұлт пен ұлыстың ынтымағын арттыруға жұмыс істеуде. Қазіргідей әлем елдеріндегі ұлтаралық, дінаралық қақтығыс күшейіп, соғыс дендеген тұста Қазақстан бейбітшілік пен келісімнің нышанына айналып, дамудың даңғыл жолына еркін қадам басып келеді. Бұл арқылы бірліктің арқасында алынбас қамал болмайтынын дәлелдеп отыр.



Иә, бірлікпен тірлік еткен жұрттың бір парасы Сыр өңірін мекендейді. Бүгінде аймақта 35 этнос өкілі тату-тәтті өмір сүруде. Бұл облыс халқының 3,7 процентін құрайды екен. Басым бөлігі Байқоңыр қаласы мен Қармақшы ауданында, облыс орталығында шоғырланған.

Өзге ұлт өкілдерімен өзара қарым-қатынас деңгейі тұрақты саналатын аймақта осы күнге дейін этносаралық шиеленіс туындамағанын да айта кеткен жөн. Бөтен деп бөлектемей, бір елдің азаматы деп танитын Сыр жұртшылығынан қағажу көрмеген олар барша қазақстандықты бауыр тұтады. Тіпті арада кикілжің туып, араздық болуы мүмкін емес деп санайды.

Еліміздегі барлық ұлт пен ұлыстың тарихы мен тірлігі қазақ жұртымен біте қайнасып, бүтін елге айналды. Зайырлы мемлекетте оларды кемсітуге, құқығын шектеуге жол жоқ. Әр ұлттың өзіндік тарихын, мәдениетін тануына, салт-дәстүрін сақтауына мүмкіндік берілген. Міне, осылайша біздегі ұлт пен ұлыстың ынтымағы берік, тірлігі түзу, бірлігі бекем орныққан.

**А.СЕЙІЛ**

# ДАЛАДА ДҮБІР БАСТАЛДЫ




Сыр маржаны жерге себілген соң еңбек ардагері Жұтшыбай Аязбаев еңбеккерлерге батасын беріп, егіннің бітік шығуын тіледі.

Биыл дихандар күрішті көшеттеп егуді жүзеге асырмақ. Қазақ күріш ғылыми зерттеу-институтының ғалымдары шөлге төзімді күріштің жаңа түрін шығарған. Ол – «Сыр сұлуы» сорты. Ол басқа сорттарға қарағанда әлдеқайда ерте піседі. Бұл туралы Ы. Жақаев атындағы Қазақ Күріш ғылыми зерттеу-институтының басшысы Нұрбол Аппазов айтты.

– «Сыр сұлуы» сорты бүгінде таратылуда. Бұл сорт 110 күнде пісіп шығады. Ең бастысы, суды үнемдейміз. Сондай-ақ біз ұзақ жылдар бойы сөз етіп келе жатқан күрішті көшеттеп егу тәсілі қолға алынды. Осы тәсілмен күріштің үш түрін 300 гектар аумаққа отырғызу жоспарда бар. Күріш дақылы ең алдымен жылыжайда бір ай өсіріледі. Одан кейін көшеттеп, егіс алқабына егіледі. Бұл тәсілді қолданғанда көшеттердің сапасы жоғары, аурулар мен зиянкестерден тазарған, мықты болып келеді. Мұндағы ерекшелік тұқымның жоғалуын үнемдейміз, өнімділігі артатын болады Бұл тәсіл Шығыс Азия елдерінде кең тараған. Ең алғаш рет Ы. Жақаев атындағы Қазақ күріш ғылыми зерттеу-институты қолға алып отыр, – деді институт директоры.

Көктемгі дала жұмыстарының уақытылы басталып, сапалы жүргізілуі үшін қажетті шаралар қабылданған. Айта кетейік, қаладағы ауыл шаруашылығы көктемгі дала жұмыстарына қатысатын 80 трактор, 21 тіркеме құрал, 21 соқа, 9 дән сепкіш және 5 жүк көлігі бар. Биыл көктемгі дала жұмыстарын жүргізуге дизель отынына қажеттілік 514 тоннаны құрап отыр. Қала бойынша «РК-Мұнай» және «Нефть-Транс Қызылорда» тасымалдаушы операторлары бекітіліп, қазіргі таңда 250 тонна арзандатылған дизель отыны алынған.

***Жарасхан ҚУАНЫШБАЙҰЛЫ***

**Басы 1-бетте**

# ШЫНЫ ЗАУЫТЫНЫҢ ЖЫРЫ ҚАШАН БІТЕДІ?

Бүгінгі күнге дейін облыс әкімдігі сыртқы инженерлік инфрақұрылымды жеткізу жұмыстарын орындаған. Яғни, зауытқа газ құбырының екі тармағы және сумен жабдықтау, электр желісі, автожол мен байланыс жұмыстары жүргізілген. Темір жол тұйығының құрылысы да жақын арада аяқталады деп күтілуде.

Зауыттың жайын біліп қайтқан облыс басшысы «Табақ шыны өндіру және өңдеу зауытын салу» жобасын жүзеге асыру мәселелері жөніндегі селекторлық жиынға қатысты. ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрі Бейбіт Атамқұлов төрағалық еткен жиында аймақ басшысы шыны зауытының құрылысы турасында атқарылған жұмыстарды баяндады.

Селекторлық басқосуда «Orda Glass Ltd» ЖШС басқарма төрағасы Ержан Сағымбаев атқарылған жұмыстар туралы есеп берді және министрден көмек сұрады. Атап айтқанда басқарма төрағасы биыл зауытты уақытылы іске қосу үшін Бейбіт Атамқұловтан ҚР СІМ арқылы қажетті жабдықтарды елімізге әкелуге рұқсат алуға жәрдем керек екенін айтты. Бұл өтінішке министр қолдау білдіретінін жеткізді. Жиын соңында облыс әкімі шыны зауытының құрылысы тікелей өз бақылауында болатынын айтты.

Қысқасы түйіні көп түйткілді мәселенің шешімін табатындар табылған секілді. Жұртшылық бұл зауытты басқа емес дәл қазіргі әкім іске қосады деп сеніп отыр. Бастысы, министрлікке айтылған өтініш аяқ асты қалмаса...

**А.НҰРАЗҒАЛИ**

**Басы 1-бетте**

# БІРЛІК – ТЫНЫШТЫҚ ДІҢГЕГІ



Өткенге көз жүгіртсек, небір зұлматты бастан кешкен түрлі ұлттардың тағдыры, көрген азабы еріксіз еске түседі. Мұндай қиындық біздің де басымыздан айналып өтпеді. Тағдыр айдап бабаларымыз қазақ жеріне жер аударылды. Ашаршылықтың зардабын тартты. Әке-шеше, бауырынан айырылды. Бұл тек бөтен жерге жер аударылған ұлттардың емес, жергілікті халықтың да басынан өткен жағдай еді. Соған қарамастан, жатсынбай бауырына басқан жақсылығын өзге ұлт өкілдері қалай ұмытсын?

Содан бері қанша уақыт өтсе де, қазақ жерін мекендеген ұлт пен ұлыс өсіп-өнген елінен жыраққа кеткісі жоқ. Қазақ халқымен бірге бейбіт заманда туыс, бауырдай өмір сүріп келеді. Мұны тағдыры бір ұлттар мен кеңпейіл қазақ халқының ауызбірлігінің арқасы деуге болады. Елімізде 1 мамыр – Қазақстан халқы бірлігі күнінің ерекше деңгейде аталып өтуі тарихи Отанында күн кешіп жатқан әрбір ұлт пен ұлысқа көрсетілген құрмет деп білеміз. Осы уақытқа дейін уайым-қайғысыз, соғыссыз өмір сүріп жатқан жеріміздің тыныштығы мәңгі, достығымыз берік болса екен деймін. Бабалардан сақталған бірлігіміз ұрпақтан-ұрпаққа жалғаса берсін.

**Елена ЦХАЙ,**
**корей ұлтының өкілі**

# ҚАЗАҚ ЕЛІ – ТАТУЛЫҚТЫҢ ҮЛГІСІ



1 мамыр – Қазақстан халқы бірлігі күні мерекесі мен үшін, менің отбасым үшін ерекше күн. Осыдан 35 жыл бұрын ата-анам Ресей мемлекетінен Қазақстанға табан тіреді. Бұрынсоңды көрмеген жерге, білмейтін ортаға сіңісіп кету олар үшін оңай болған жоқ. Десе де жергілікті халықтың өзара татулығы олардың жат жерді жатсынбауына себеп болды. Осында өсті, ұрпақ өрбітті. Содан бері Қазақстан мемлекеті ата-анамның Отанына, біздің туған жерімізге айналды.

Бүгінде елімізде қаншама ұлт пен ұлыс болса, барлығына тең мүмкіндік, құқық берілген. Мұнда сен орыссың не украинсың, мен қазақпын деген түсінік жоқ. Бір шаңырақ астында тату-тәтті өмір сүрудеміз.

Өзге ұлт өкілі болғандықтан бұл мерекені менде асыға күтемін. Ерекше атап өтуге тырысамыз. Осы ауызбірліктің арқасында еліміз биік белестерді бағындырды. Көпұлтты ел ретінде өзге мемлекеттерге татулық, достықтың үлгісі болуда. Тәуелсіз еліміздің бұдан әрі қарыштап дамуы үшін қазақстандықтардың бірлігі бекем болуы керек. «Бірлік бар жерде, тірлік бар» деп бекер айтпаған. Барлығымыз бір халық – бір ел – бір тағдыр үшін ынтымақта еңбек ететінімізге сенемін.

**Елена РЫБИНА,**
**«Славяне» этно-мәдени бірлестігінің мүшесі**

## «ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕС» – КЕЛЕЛІ ШЕШІМГЕ НЕГІЗ

Қала әкімі Ғанибек Қазантаевтың қатысуымен қоғамдық кеңес отырысы өтті. Жиында сөз алған шаһар басшысы қоғамдық кеңестің маңызына тоқталды.

– Бүгінде мемлекеттік органдардың қандай да бір шешімдерді қабылдауына ықпал етіп, ел ішіндегі әлеуметтік мәселелерді, халықтың мұң-мұқтажын тікелей билік өкілдеріне жеткізіп, жергілікті атқарушы органдар қызметінің ашықтығын қамтамасыз етеуге атсалысып келесіздер. Сондықтан сіздердің Қызылорда қаласының одан әрі өсіп-өркендеуіне ерекше үлес қосатындарыңызға сенімдімін әрі жұмыстарыңызға сәттілік тілеймін, – деді қала әкімі.

Басқосуда қала тұрғындарын сапалы ауыз сумен қамту жағдайы талқыланып, мәселеге қатысты бірқатар сауал көтерілді. Кеңес мүшелері тұрғындар көкейіндегі ұсыныс-пікірін жеткізіп, шешу жолын ұсынды. Отырыста көтерілген сан сауалға «Қызылорда су жүйесі» МКК директоры Марат Жамиев жауап беріп, өз пікірін білдірді.

Жиын соңында алдағы уақытта айтылған сын-пікірлер мекеме тарапынан ескеріліп, пайдаланылған ауыз су үшін уақытылы төлем жүйесін ретке келтіру, қызмет көрсету сапасын арттыру бойынша жұмыстар жүргізу керектігі айтылды. Қоғамдық кеңес мүшелері берілген тапсырмалардың орындалуы кезекті отырыстарда кеңес мүшелерімен қайта қаралатындығын жеткізді.

**«Ақмешіт-ақпарат»**

## ХАБАРЛАНДЫРУ!

Қызылорда қалалық сайлау комиссиясының 2021 жылғы 28 сәуірдегі №36 хаттамасы негізінде Қызылорда қаласы Махамбетов ауылы М.Тоқтамысов көшесі №24 үй тұрғыны Акмырзаев Мамбетали Сейтжапбарович пен Қызылорда қаласы, Саяхат мөлтек ауданы 6/33 үй тұрғыны Қарабаев Асқар Мырзахметұлы Ақсуат ауылдық округі әкіміне кандидат болып тіркелді.

**Қызылорда қалалық сайлау комиссиясы**

## ХАБАРЛАНДЫРУ!

Қызылорда қалалық сайлау комиссиясының 2021 жылғы 28 сәуірдегі №37 хаттамасы негізінде Қызылорда қаласы, Сырдария мөлтек ауданы 30/19 үй тұрғыны Абдукадыров Сеидуали Алайдарович пен Қызылорда қаласы, Абай ауылы ,Жамбыл көшесі №60 үй тұрғыны Жусупов Аскар Орманбекович Қосшыңырау ауылдық округі әкіміне кандидат болып тіркелді.

**Қызылорда қалалық сайлау комиссиясы**

АҚМЕШІТ АПТАЛЫҒЫ
№34 1 мамыр, 2021 жыл

## ҚАЛА ТЫНЫСЫ

# ӘКІМ ТАЛАБЫ: ТАЗАЛЫҚ, САПА, НӘТИЖЕ

**Облыс орталығы барлық жағынан өзгелерге үлгі болуы керек. Бұл тұрғыда шаһарда әлі де атқарылар шаруа жеткілікті. Жасалған жұмыстар жұртшылық жадында. Дегенмен алдағы жасалуы тиіс ауқымды істер әлі де болса жетіп артылады. Атап айтқанда жарықтың жиі сөнуі, әлеуметтік көмектің күрмеулі тұстары, қаланың шеткі және орталық көшелеріндегі тазалық жұмыстары. Қала әкімдігінде өткен аппарат мәжілісінде осы мәселелер кеңінен талқыланды.**



Қала әкімі Ғанибек Қазантаев мәжілістің күн тәртібіндегі мәселелерден бұрын қалалық полиция басқармасының бастығы қызметіне тағайындалған Нұрлан Ағаділовті таныстырып, жаңа қызметіне табыс тіледі.

Одан әрі аппарат мәжіліс күн тәртібінде 4 мәселе қаралды. Алдымен биылғы жылдың I тоқсанындағы әлеуметік-экономикалық даму қортындылары туралы қалалық экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімінің басшысы Гүлнар Баймаханова баяндама жасады. Сала басшысының сөзін мұқият тыңдаған қала әкімі қала экономикасында өсу тенденциялары байқалғанымен бірқатар саладағы көрсеткіштердің төмендігін атап өтіп, биылға бағытталған нысаналы индикаторлардың жыл қорытындысымен толық орындалуын жүзеге асыруды тапсырды.

Мәжілісте қаланың санитарлық тазалығы, көркейту-көгалдандыру және абаттандыру жұмыстары жайлы қалалық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімінің басшысы Біржан Далабаев биылғы көктемде «Жаңа Қазақстан – жаңа қала» акциясы аясында 22 500 түп ағаш отырғызылғанын жеткізді. Сонымен қатар 130 арнайы техника мен 300 жұмысшы барлық көшелерге күнделікті тазалық жұмыстарын жүргізіп отырғанын атап өтті. Жыл басынан бері орталық полигонға 14,4 мың м³ күл-қоқыс шығарылып, залалсыздандырылғанын жеткізді.

Қала әкімі қалаға қарасты ауылдық елді мекендердегі абаттандыру бойынша жүргізіліп жатқаны жұмыстарды анықтап, апта аралығында жауабы сұралатынын айтты.

Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмектердің көрсетілуі турасында қалалық жұмыспен қамту, әлеуметтік бағдарламалар және азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімінің басшысы Кенжегүл Құрақбаева баяндады. Ол мемлекеттік жеңілдіктер бірінші кезекте мүмкіндігі шектеулі жандарға жасалатынын атап өтті. Сондай-ақ тұрғындарға көрсетіліп жатқан мемлекеттік бағдарламалар бағыты мен жұмыссыздықты жою жөніндегі жасалған шараларды хабарлады. Жыл басынан бері 19 мыңнан астам тұрғынға 345,3 млн теңге көлемінде мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмектің төленгендігін жеткізді. Айта кету керек, өткен жылы қала бойынша 28 763 адамға 2 млрд 342 млн теңге көлемінде атаулы әлеуметтік көмек төленген. Ал биылғы жылы атаулы әлеуметтік көмекке республикалық және жергілікті бюджеттен барлығы 4 млрд 280,1 млн теңге қаралған. Қала басшысы «Бақытты отбасы» орталығындағы жағдайды жіті назарда ұстап, қызметкерлер жауапкершілігін арттыруды қадап тапсырды.

Жиында қаралған соңғы мәселе қала аумағындағы электр энергиясының сапасы жайлы болды. Қалалық электр тораптары басқармасының директоры Орынбек Дәуенов қазіргі таңда қала орталығы мен елді мекендерде электр желілері сын көтермей тұрғанын мәлімдеді. Мәселенің жай-жапсарын мұқият тыңдаған шаһар басшысы осы мәселені жою мақсатында жалпы ұзындығы 37,438 шақырым болатын ескірген әуе желілерін жаңарту жұмысы жоспарланғандығын жеткізді. Сонымен қатар елді мекендердегі тозығы жеткен электр желілерін ауыстыруды 1 маусымға дейін аяқтауды жүктеді.

Жиын қорытындысында қала әкімі жауапты мамандарға қала экономикасының артуы жолында нәтижелі жұмыс жасалуын тапсырып, оның орындалуы өз бақылауында болатынын білдірді.

**Тұрар БЕКМЫРЗАЕВ**

# АҚСУАТҚА ГАЗ БАРАТЫН КҮН ЖАҚЫН

Сондай-ақ мәжілісте қаланың сәулеттік келбеті де сөз болып, алдағы жоспар айтылды. Жоспар ішінде сол жағалаудан салынатын гүл бульвары да бар. Аумағы 12 гектар жерді алатын бульвардың салынуы тағы да пысықталды.

Шаһарға қарасты ауылдық округтерді «көгілдір отынмен» қамтасыз ету мәселесі көтеріліп, оған облыстық тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы басқармасының басшысы Руслан Нұрмағанбетов жауап берді. Басқарма басшысы өз баяндамасында биыл Ақсуат ауылдық округін газбен қамту жұмысы басталатынын, ал Абай ауылын газдандыру үшін мемлекеттік сатып алу конкурсы ұйымдастырылып жатқандығын хабарлады.

Тұрғындар талабында көш бастап тұрған бірден-бір мәселе – жол құрылысы да осы мәжілісте айтылды. Осыған орай қала әкімі «Өткен жылы қалада жүргізілген қарқынды жұмыстар негізінде көптеген тұрғын жол азабынан құтылып, жаңа жолдың игілігін көрді. Биыл да бұл жұмыстар қарқынды түрде жалғасады», – деді. Шаһар басшысы басқосуда көтерілген өзге де мәселелердің шешілуін, берілген тапсырмалардың хаттамаға сәйкес облыстық басқармалармен бірлесіп атқарылуын қатаң бақылауда ұстайтынын жеткізді.

**Басы 1-бетте**

**А.НҰРАЗҒАЛИ**

## «Nur Otan»: қалалық филиалда жаңа төраға

**Кеше қала әкімдігінің мәжіліс залында «Nur Otan» партиясы Қызылорда қалалық филиалының кезекті XXVII есеп беру-сайлау конференциясы өтті.**

Жиынға қала әкімі Ғ.Қазантаев қатысты. Сондай-ақ онлайн конференцияға бастауыш партия ұйымдарынан сайланған делегаттар, қалалық партия филиалы саяси кеңесінің мүшелері мен облыстық, қалалық мекеме басшылары, партия белсенділері қатысты.

Конференцияда күн тәртібіне сай партияның қалалық филиал төрағасына қала әкімі Ғанибек Қонысбекұлының кандидатурасы ұсынылып, делегаттардың дауыс беру нәтижесінде қалалық партия филиалының төрағасы болып сайланды.

– Бүгінде өзінің халықтық партия екендігін дәлелдеп үлгерген «Nur Otan» партиясының мүшесі болу әрбір елін сүйетін нағыз патриот азамат үшін үлкен мақтаныш. Ал облыс орталығы Қызылорда қаласының жетекші саяси күшіне айналған партияның қалалық филиалын басқару асқан жауапкершілікті қажет ететін мәртебелі қызмет. Осы жолда елмен бірлесе жүйелі жұмыс жасай беретін боламыз, – деді Ғ.Қазантаев.

Конференция қорытындысында қалалық партия филиалы төрағасының бірінші орынбасары Ш.Әбдірахманов баяндама жасап, партияның пәрменділігін атап өтті.

**«Ақмешіт-ақпарат»**

## АЙТАЙЫН ДЕГЕНІМ...

# ҚАЗАҚ МЕКТЕБІНДЕ ШІРКЕУ «ҚОҢЫРАУЫ» НЕГЕ ЖҮР?..

Осыдан біршама уақыт бұрын қазаққа жетпіс жылдай астана болған Алматының шойын жолында алабөтен шара өтті. Шаһардағы I теміржол бекетінен Алматы мен Атырау арасында үздіксіз қатынайтын «Ақжайық» пойызы тұңғыш рет жолға шықты. Бұл – ел көптен күткен, тіпті тағаты таусыла аңсаған отарба еді. Пойыз қазір жалпы халыққа қолайлы қоғамдық көлік болып тұрғанын ешкім терістемес. Бәрі жақсы-ақ, бірақ басшы да, қосшы да жиылған осы «Ақжайықтың» тұсаукесеріндегі бір жоралғыны көргенде, қатты ойланып қалдық. Ол – пойыз жүрер сәтте соғылған қоңырау еді. Кәдімгі шіркеу колоколы іспеттес «қоңырау».

Біз пойызтанушы немесе теміржолтанушы емеспіз, сондықтан «қоңырау соғу» дәстүрі қашан шыққанын дәл айта алмаймыз. Бір білетініміз, тәуелсіздік алғалы бері жаңа жол тораптары ашыларда, арнаулы һәм атаулы пойыздар шығарда осы «құрығыр қоңырау» қайта-қайта соғылып жүр. Ау, біз халқының 72 пайызы мұсылман ел емеспіз бе? Пойызға мінетіндер де, пойыздан түсетіндер де негізінен хақ жолындағылар ғой. Сонда әлгі қоңырауға неге мән бермедік?.. Ойлана қарасақ, оның себебі де бар екен. Біздегі шойын жолдың тарихы Ресей империясының өрістеу тарихымен сабақтасып жатыр. Оңтүстік пен солтүстіктегі де, шығыстағы да темір жолдың арғы тарихы Петербордағы екі басты самұрыққа барып бір-ақ тіреледі (ақын Мағжандардың шойын жолға қарсы болуының астары осыған байланысты). Баяғы «Хабар-2»-нің тілімен айтсақ, солай болған. Әрине, мәселеге әміршіл империя тұрғысынан қарасақ, барлық шарада державалық-православтық этикет көрінуі тиіс. Сондықтан жаңа пойыз жолға шығарда ресми сөз де сөйленеді, діндар «благославие» да береді, шіркеудің бөлшегі іспеттес колоколды да соғады. Кейін кеңес тұсында жолашардың біраз христиандық элементі сол күйінде қалып қойды. Міне, сөйтіп оны түсінбей біз де қабылдап отырмыз. Әлбетте, өкінішке қарай!..

Тағы бір тездетіп реттеуді қажет ететін рәсім – құлағымызға да, сүйегімізге де сіңісті мектеп қоңырауы болып тұр. Енді бір айдан соң кезекті оқу жылы аяқталып, барлық орта мектепте «соңғы қоңырау» соғылады. Нешінші рет екенін тап басып айту қиын. Жәңгір хан тұсынан есептесек, бұл – 179-қоңырау!

Енді тоқтай қалыңыз. Бұл жез қоңырау қайдан шықты? Түр-тұрпаты, сыңғырлауы шіркеу колоколын елестетпей ме? Қоңырау қашан колокол болды немесе колокол қашан қоңырау болды? «Мемлекет діннен бөлек» дегенде, даусымыз жер жарады, ал сонда христиандықтың элементі ретінде колокол-қоңырау қалайша мектепке кіріп кеткен? Осыны ойланған адам болды ма?..

Бірінші қазақтың «қоңырау» сөзіне келейік. Рас, бұл – халқымыздың төл сөзі (мұны марқұм Мұрад Аджи мұраттастары естісе, «әне, қазақтардың христиандығын дәлелдейтін колокол-қоңырау ежелден бар» деуші еді). Бірақ ол сөз ешқашан да колоколдың баламасы болған емес. Себебі түсінікті: қазақ христиан емес. Рухани мұрамызға үңілсек, мынадай жолдарды ұшырастырамыз: «Қоңыраулы найза қолға алдың, Қоңыр салқын төске алдың, Жауды көрсең шүйілдің, Жеңсіз берен киіндің» **(«Ер Тарғын» жыры)**, «Қараша емес қауыс-ты, Қоңыраулатып дауысты» **(«Қобыланды» жыры)**, «Қоңыраулы найза қолға алып, Қоңыр салқын төске алып, Қол төңкерер ме екеміз» **(Ақтамберді)**, «Ақсүйектің баласын, Қара ұлына теңгеріп, Қоңыраулы найза өңгердім» (Махамбет), «Түстіктен орай жатқан Жоңғар жоны, Қоңырау тау терістікте қорған-қобы» **(С.Тастанбекқызы)**, «Біреу-міреу, кім біледі, газетке де жазып жіберуі мүмкін. Сонсоң біржолата күміс қоңыраулы Сейілбек атанғаным ғой» **(С.Садуақасұлы)**, «Күлдірлеп қоңыраудай күй сыңқылдап, Бота күй маймаң қақты үн былқылдап» **(І.Жансүгірұлы)**, «Күміс қоңыраудай күлкісі де күн күйінен, көңіл кірбіңінен аулақ» **(М.Әуезов)**, «Су ала сол өзенге барды Ләззат, шолпысы қоңыраудай сылдыр қағып» **(Қ.Аманжолов)**.

Байыптай қарасақ, бұл мысалдардағы «қоңыраудың» бірде-бірі «колокол»-ға дәл келмейді. Бірінде - жауынгер қаруының түрі (оның өзінде бұл найзадан шығатын дыбысқа қатысты болса керек), екіншісінде - әуен, келісім, наз. Смағұлдың тұсында «күміс қоңырау» (осы аттас повесі бар) кісі бойындағы жылтырақ мінездің сипатын да аңғартса керек. Сөйте тұра отаршылдықтың салалануы шіркеуді де күшейткен XIX-XX ғасыр қаламгерлері шығармаларынан еріксіз шіркеу сыңғырына ұқсас дыбыс та еміс-еміс естіліп қалады... Бұл даңдұңның ежелгі жырға да кіріп кеткені байқалады. Мысалға 1900 жылы Қазанда басылған **«Қыз Жібек» жырын** алайық:





«Жеті қырдан асқанда, Гүрілдеген қоңырауды, Есітті сонда құлағы...», «Қоңырау даусы келгесін, Төлегендей мырзаңыз, Көкжорға атты ағызып, Жетіп бір келді қасына». Жыршы Ж.Шайхисламұлының қоңырау деп отырғаны – «пәуеске қоңырауы» екен. Бір қызығы, осы нұсқада пәуескені (павозка) жегетін «тройке» де жүр. Бұдан кейін әлгі «қоңыраудың» қайдан шыққанына таңдануға болмас.

Біз, әлбетте, мәселенің мәнісіне үңілу үшін тарих тереңіне бойлауға мүдделіміз. Бәріне төреші – сол өткеннің қатпарлары болмақ. XI ғасырдың энциклопедиялық мұрасы саналатын **М.Қашқаридың «Диуани лұғат ат-түрік» (Түрік сөздігі) еңбегінде «қоңырау» сөзі сол күйінде жүр. Мұнда «қоңырағу» сөзінің екі мағынасы берілген: біріншісі – бір нәрсенің сипаты мағынасында (не дыбыстың, не анатомиялық мүшенің), екіншісі – «құлақтың түбіндегі шығыңқы сүйек»** (3-том, 515-бет). Сонымен бірге Сара ақынның жырындағы **Қоңырау топонимі** де бізді әжептәуір ойға жетелеуі тиіс.

Ұлт руханиятының тарихы «қоңырау» сөзіне, міне, осындай анықтама береді.

Ал мұны қазақтың сөзін әлемге және кейінгі ұрпаққа танытатын «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі» қалай тәпсірлейді екен?

Тіл-әдебиет марғасқаларының көзі тірісінде шыққан екі томдық түсіндірме сөздік бүй дейді: «ҚОҢЫРАУ зат. Төбесі доғалдану конус тәрізді, ішінде тербеліп тұратын тілі бар, дыбыстық белгі беретін металдан жасалған құрал» (2-том, 64-бет). Бұл сөздікте С.Мұқановтың анық шіркеу қоңырауын сипаттаған екі сөйлемі мысалға алынған.

Тіл білімі институты 1999 жылы жариялаған «Қазақ тілінің сөздігінде»: «ҚОҢЫРАУ. 1. Ішіндегі тербеліп тұратын білеу арқылы дыбыс шығаратын құрал. Құлынға қоңырау тақты ... 2. Шырылдап дыбыс беру үшін жасалған техникалық құрал. Сағаттың қоңырауы шырылдап қоя берді (Қанахин)» делінген. Осы сөздікте мынандай да сөздің түсіндірмесі бар: «ҚОҢЫРАУБАС. бот. Гүлі қоңырау пішіндес көп жылдық шөптесін өсімдік»(407-бет).

Енді осы сөздіктердің мәліметін орыс тіліне аударсақ, М.Аджилер «е,бәсе!» деп бөркін аспанға атып қуанатын шығар. Сонда, сөздікке сенсек, қазақта «тербеліп тұратын тілі бар» құрал ежелден болғаны ғой. Мәссаған! Құлынға тағылатын қоңырауға келсек, бұл - қазақ даласына қарашекпенділермен бірге енген дәстүр (В.Даль колоколды – «божий глас», ол тек қана шіркеуге байланысты қолданылады дей келе, «колокольчик, нпр. на шею скоту» деп түсіндіреді, 2-том, 139-бет). Базаршылап барып, құлынға қоңырау сатып алуды қаймана қазақ қызық көрген. Ал пәуескіге жеккен атқа қоңырау тағып, даланы да, қаланы да жаңғыртып жүру – православ діниндегілер үшін әжептәуір мерей әрі сән болған. XIX ғасырдың қазақ бай-шонжары орыс ұстасына пәуескі жасатқанда, көліктің сәні ретінде бұл «колоколчик» қазақ сахарасына да келген. Біздің аңқау мырза кәпір дінінің бөлшегін қаперіне де алмаған.

Ал «қоңыраубасқа» келсек, бұл – орыс шөп атауының калька-аудармасы. Шіркеуді де, колоколды да көрмеген дала қазағы қайдан оның «қоңырау пішіндес» екенін біледі? Алаш баласы үшін қоңырау – дыбыстың, әуеннің сипаты ғана ғой. Яғни ол заттық форма болған емес.

Міне, осыдан кейін қазақ мектебіне колоколдың қашан орныққаны жөнінде ойлануға тура келеді. Сөз жоқ, ол XIX ғасырда орыс-қырғыз школдарының ашылуымен бірге пайда болды. Бұл – атышулы миссионер Ильминскийлер еңбегінің жемісі. Школ звоногы – шіркеу колоколының кішкене түрі (аталымдарды түсінікті болу үшін орысша бердік). Тіпті бүгін де Қазақстанда электр қуаты болмай қалған жағдайда қаладан ауылға дейін осы «тербеліп тұратын тілі бар» шіркеу колоколының кіші түрі соғылады. Ал оқу жылы аяғындағы «соңғы қоңырау» тоқтың бар-жоғына қарамай мұны қаза қылған емес... Мұның астарын байқамаған марқұм ақын Ғ.Қайырбеков Ыбырай туралы поэмасын «Дала қоңырауы» деп атап жібергені де есімізде. Дәл осы жерде Ғафекең дала әуенін емес, «тербеліп тұратын тілі бар» мыс колоколды (мектеп колоколын) қаперіне алғаны сөзсіз...

Бір қызық жері, В.Даль сөздігі мен Қазақ сөздіктеріндегі колокол-қоңырауға берілген анықтама өте ұқсас. Орыс ғалымы – православ, ал мұсылман қазақ ғалымдарына не жорық? Сонда олар батырлар жырындағы, Ақтамберді мен Махамбеттегі «қоңырауды» шіркеу колоколы деп түсіндірмек пе?..

Бүгінгі мектепте колоколды қалыптасқан әдетпен «звонок» дейді. Қазақ тілшілері звонокты да, колоколды да – «қоңырау» деп аударады. Орыс сөздігінің атасы В.Даль колоколец, колокольчик, звонок аталымдарын қатар қояды. Орыс сөзінің этимологиясын қарастырған Н.Шанский, В.Иванов, Т.Шанская колокол-ды – жалпыславяндық сөз дей отырып, ежелгі үнді тілінде kalakalas – жүйесіз шу, айқай мағынасын бергенін, латында calo, гректе kaleo, ескі неміс тілінде hellan – шақыру, дауыстау дегенді білдіргенін жазады (205-206-бет). М.Фасмер сөздігінде әлгіге қоса бұл сөздің «грек жерінің бас киімі», «кезбенің бас киімі» сияқты мағынасы болғаны да көрсетілген (2-том, 294-бет). Қалай десек те мұның бәрінен христиандықтың, шоқыншақ Үрімнің иісі шығады.

Біз өзімізше қызығып «колоколды туысқан түрік халықтары не дейді екен?» деп те бағамдап көрдік. 1992 жылы Анкарада шыққан «Karsilastirmali Turk lehceleri sozlugu» еңбегінің 1-томында (114-115-бет) түрікше - can, әзірбайжанша - zang, башқұртша – san, kingirav, қазақша - konirav, қырғызша - konguro, өзбекше - kongirak, zang, татарша - can, kingirav, түркіменше - can, ұйғырша - can, орысша – kolokol деп тізбеленген (біз мұнда техникалық себеппен түріктің әріп дәйекшелерін қоймадық). Сонда шіркеу даңғырағын түрік, татар, түркімен, ұйғыр, әзірбайжан, башқұрт, өзбек негізінен – чаң, заң, сaң дейді екен (біздің даң-дұң, шаң-шұң деген еліктеуіш сөздеріміздің бір сыңары сияқты және бұл «колокол»-дың арғы мағынасын дәл ашады). Жалпы түрік халықтары қатарында шіркеу колоколына байырғы өз сөзін яки әуен атауын оп-оңай қия салған – біз бен қырғыз екен. Қырғыз дәу де болса бізге еліктесе керек... Бұл «тумысымыздан музыкантпыз» деп жүрген біздің жұртқа ұят емес пе?.. Дәлірек айтсақ, қазақтың қоңыр және содан өрбіген қоңырау әуені мен шіркеу құралының даңғыр-дұңғыры, шаң-шұңы бірдей һәм үндес болғаны ма? Ана тіліміз бен ата дініміздің тек-тамырынан ажырай бастаған бүгінгі ұрпаққа тарих қойнауындағы қоңыраумен байланысты сөздерімізді қалай түсіндіреміз?

Қазір жат дін өкілдері өздерінің қызылды-жасылды діни кітаптарын Алтайдан Атырауға дейін таза қазақша «Киелі кітап» деген атаумен таратып жүр. Кие де, кітап та – бізге аса қадірлі сөздер. Қазақы қоңыраудың шіркеу қоңырауына айналып кеткенін және оның ақ парақтай мектебімізді жаулап алғанын осы үрдіспен түсіндіруге болады.

Енді мәселенің практикалық жағына келейік.

**Бірінші,** мектепті шіркеу «қоңырауынан» қалай құтқарамыз? Біздіңше, жыл сайын өтетін «соңғы қоңырау» салтанатында «тербеліп тұратын тілі бар» шіркеу колоколчигінің орнына сылдырмақты немесе басқа да ұлт дәстүріне қатысты аспап пішіндес құралды пайдалануға болады ғой (егер аса керек деп тапса). Әйтпесе сол сыңғырдың не керегі бар? Жалпы оқу орындарында үзілістің келген уақытын білдіретін дыбысты ұлттық құндылықтармен байланысы бар музыканың бір үзігімен алмастыру қажет. Қазақстан бойынша мектеп, колледж, университет жүйелерінің әрқайсына арнап ортақ үзіліс әуенін қабылдауға да болады (мысалы, Еуразия ұлттық университетінде біздің ұсынысымызбен, ректордың қолдауымен 2005 жылдан бері үзіліс әуені ретінде Н.Тілендиевтің «Аққу» күйінің бір үзігі алынды).

**Екінші,** ендігі жерде темір жолдың ашылуында, жаңа пойыздың тұсаукесерінде шіркеу даңғыры секілді «қоңырау соғудың» дым да қажеті жоқ. Шойын жолға жауапты азаматтар ислам құндылықтарын қадірлейтін Шығыс елдерінде осындай рәсім қалай жүретінін біліп пе екен? Әрине, оны тура көшірудің қажеті жоқ. Бірақ бұрынғыша жүргізе беру елдігімізге қиғаш.

**Үшінші,** біз жалпы қоңырау сөзін ақтап алуға тиіспіз. Отаршылдық та, онымен ере келген миссионерлік басқыншылық та ресми жойылды. Қазақтың әп-әдемі, тарихи орны бар сөзі неге шіркеу колоколының баламасы болуы керек? Бұл колоколды – А.Байтұрсынұлы анықтаған қағидатпен көлекіл деп алуға да немесе 1926 жылғы Түріктану сиезінің шешіміне сәйкес («бір түрік тілінде жоқ сөз басқа түрік тілінен алынсын») шың (шаң-шұң, даң-дұң-ның кез келген сыңары бұған сәйкес келеді) деп алуға да мүмкіндік бар ғой *(«Ер Тарғында» торғауыт пен оймауыттың «шың қаққаны» туралы дерек айтылады. Сондай-ақ М.Қашқарида бүгін мәнін жоймаған «шың», «зың» т.б. заттық мағына беретін еліктеуіш сөздер ұшырасады. Қазіргі түрік халықтарында кездесетін «колоколдың» баламасы содан шықса керек).*

Қалай десек те ғасырлар бойы армандап жеткен тәуелсіздік тұсында Ақтамберді мен Махамбеттің қоңыраулы найзасы қай-қайдағы жат діннің қоңырауына емес, дәстүрге берік ұлттың қоңыраулы қаламына, тіпті қоңыраулы технологиясына айналуы қажет-ау! Ал жаратқанға серік қосатындардың һәм ежелден қазақты энтомологиялық коллекцияға (мәселен, қатырылған көбелек т.б.) айналдыруды қалағандардың салтсана қондырғыларын ана тіліміздің жағымды сөзімен бүркемелеу кімге бақ, кімге сор екенін аңғаратын уақыт жеткен секілді.

**Дихан ҚАМЗАБЕКҰЛЫ,**
**Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ проректоры,**
**ҚР ҰҒА академигі**

ТӘЛІМ

# Көзіңді емдейін деп...

Ертеде Қожық деген бай болыпты. Ол талайларға дүре соғып, қорлық көрсетіпті. Бір күні осы байдың ауылына Құрыш деген қу келеді. Байдың оң көзі соқыр екенін байқап қалған Құрыш қу, оң көзін қысып, өтірік соқыр бола қалады.

– Ассалаумағалейкум, байеке! – деп қос қолын ұсынады.

– Уалейкумассалам! Қай ауылдан келесің? Қайда барасың? – дейді бай.

– Ой, байеке! Қайдан келесің, қайда барасың деп не қыласыз? Одан да бері таман келіңіз. Сен де, мен де соқыр екенбіз. Көп сөзді қойып, көзімізді ашайық, — деп Құрыш дөңестеу беткейге отырмақшы болып бұрылады.

– Е, қалай ашасың? Ондайға ебің болса, жылдамдата көр. Не болса да тайынбаймын, – деп бай Құрышқа мөлтең қағады.

Құрыш солқылдақ бір шыбықты кесіп алады да, байға келіп:

– Ал, байеке, арқаңызды маған беріп қойып жатыңыз. Мен осы шыбықпен жон арқаңыздан екі-үш ұрғанда көзіңіз шайдай ашылып кетеді. Талай соқыр осыдан жазылыпты, – деп жігіт емнің жайын айтады.

Қожық бай бұған сеніңкіремей:



– Алдымен өзің жат, дүрені мен соғайын. Сенің көзің ашыла қалса, мені қалай соқсаң да, шыдап бағайын! – дейді.

– Мақұл! Жатсам жатайын, – деп Құрыш қу көйлегін түріп, жон арқасын беріп жата кетеді.

Бай шыбықты алып бір-екі сермеп үлгермей-ақ Құрыш атып тұрып:

– Ой, қолыңнан айналайын, байеке, рақмет! Көзім шайдай ашылды ғой! Енді мені соқыр деп жүрген әлгі сұмырайларға барайын, – деп, байлаулы тұрған атына қарай тұра ұмтылады.

Сол заматта бай:

– Өз көзің ашылған соң алды-артыңа қарамай қайда барасың, ұр мына мені! Менің де көзім ашылсын, – деп Құрышқа жалбарынып, солқылдақ көк шыбықты қолына береді. Қожық бай көйлегін жоғары түріп жіберіп, жон арқасын төсеп жата қалады. Құрыш аспай-саспай малдасын құрып отырады да солқылдақ көк шыбықпен жалаңаш арқаға шып-шып еткізіп, салмақпен соға бастайды. Соқырлықты намыс көрген бай қайтсем де шыдайын, көзім ашылар деген үмітпен тістеніп жата береді. Бірақ қанша шыбық соғылса да соқыр көзі ашылмайды. Арқасы көкала болып, білеуленіп, қанталап шыға келеді. Істің алды-артын байымдамай аңқаулықпен таяқ жеп, әбден сілікпесі шығып, мең-зең болған бай:

– Қанша шыбық соқса да көзімнің ашылмағаны қалай? – дейді Құрышқа әзер бұрылып. Сонда Құрыш:

– Дүниеге құныққан, зұлымдық жасаған адамның көзі өмір бақи су қараңғы болып өтпек қой, – депті де, атына мініп жүріп кетіпті.

Дайындаған **Тұрар БЕКМЫРЗАЕВ**

COVID-19

**Қызылорда облысы эпидемиологиялық жағдайды бақылау матрицасына сәйкес 21 сәуірде «қызыл аймаққа енді». Бір тәуліктен соң облыстың бас мемлекеттік санитарлық дәрігері Динара Жанабергенова өзінің №9 қаулысын шығарды. Дегенмен эпидемиологиялық ахуалдың көрсеткішіне байланысты Қызылорда өңірі елдегі «сары аймақтар» тізіміне енгенімен, келесі күні Қызылорда қайтадан «қызыл аймақтан» табылды. Соған сәйкес №9 қаулы өз күшін сақтап қалды. Жалпы қаулыда қандай шектеу енгізіліп, неге рұқсат берілген?..**

# «ҚЫЗЫЛ АЙМАҚТАҒЫ» ҚЫЗЫЛОРДА



Аймақтың бас санитарлық дәрігерінің №9 қаулысында 13 сәуірдегі «Қызылорда облысы бойынша шектеу, оның ішінде карантиндік шаралары» туралы №8 қаулысына өзгерістер енгізілген. Мәселен, қоғамдық орындарда кальянды пайдалануға қатаң тыйым салынған.

Ойын-сауық іс шаралар, форумдармен қоса отбасылық шаралар ұйымдастыруға рұқсат жоқ. Үйлену тойы, мерейтой, еске алу, ауызашар секілді жиынды үйде де, мейрамханада да жасауға болмайды. Ал банкет залдарының жұмыс істеуіне тіптен рұқсат жоқ. Әйтпегенде, мейрамхана иелері айыппұл арқалауы мүмкін. Сондай-ақ балалардың ойын-сауық орталықтары мен аттракциондар да жұмыс жасамайды. Ал спорттық іс-шараларға көрермендер қатыса алмайды және театр, кинотеатр, концерт залдары да жұмыс жасамайды. Сонымен қатар қала және облысаралық тұрақты және тұрақты емес шағын автобустардың қозғалысы да шектелді.

Қаулыда рұқсат етілген бірқатар нысан бар. Оның ішінде жалпы білім беретін мектептерде 1-5 сыныпқа, халықаралық мектептерде 1-7 сыныпқа және мектепалды даярлық сынып оқушыларының санын 25-тен асырмай аралас форматта оқытуға рұқсат берілген. Ал мектеп бітіретін 9 және 11 сынып оқушылары сабақты 70 процент дәстүрлі және 30 процент онлайн форматта оқуы тиіс. Азық-түлік тауарларын сататын супермаркеттер мен гипермаркеттер 7.00 – 23.00 аралығында жұмыс істей алса, азық-түлік емес тауарларын сататын дүкендер 9.00 – 18.00 аралығында ғана жұмыс жасайды. Сауда үйлері, ойын-сауық орталықтары мен жабық базарлар сенбі, жексенбі күндері жабық болуы тиіс. Ғимарат ішіндегі қоғамдық тамақтану объектілері 30 орыннан асырмай, толтырылуы 50 процентпен сағат 9.00-ден бастап 20.00-ге дейін қызмет етеді. Ашық ауадағы тамақтану орындарына 22.00-ге дейін, ал жеткізу қызметіне түнгі сағат 1-ге дейін рұқсат етілген. Фитнес орталықтары, спа салондары сенбі мен жексенбіден басқа күндері 7.00 – 22.00 аралығында қызмет көрсете алады. Сұлулық салондары мен шаштараздар таңғы 8-ден кешкі 9-ға дейін жұмыс істейді. Діни нысандар бұқаралық іс-шара өткізбей, нысанда орналасқан тамақтандыру орындарының жұмысына тыйым сала отырып, өз жұмысын жалғастыра береді. Ал мемлекеттік органдар, ұлттық компания мен басқа да кеңсе қызметі қызметкерлерді 80 процент қашықтан жұмыс істеуге жіберуі керек. Ал халыққа қызмет көрсету орталығы алдын ала брондау арқылы, пошта бөлімдері 9.00 – 18.00 аралығында жұмыс істейді.

Бұл қаулы 2021 жылғы 22 сәуірде күшіне енді. Қаулыдағы талап-шектеулердің орындалуы да бас санитардың бақылауында болады.

Қызылорда қаласының бас санитарлық дәрігері Ерлан Ұзақбаев 26 сәуірде өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен онлайн брифингте шаһардағы эпидемиологиялық ахуал күрделі екенін мәлімдеді. Оның айтуынша, соңғы аптадағы сырқаттанушылық көрсеткіші 63,4 процентке жеткен.

– Соңғы күндері қаламызда коронавирус инфекциясының таралуы белең алып отыр. Ауырған науқастар саны күннен-күнге көбеюде. Карантин шараларының күшейтілуіне қарамастан, кейбір тұрғындар қауіпсіздікке мән бермейді. Халықтың көптеп жиналатын жерлеріне бармауларыңыз керек. Түрлі мерекелер мен той-томалақтарды өткізуді де тоқтата тұруымыз қажет. Бұл індетті тек барлығымыз бірлесіп қана жеңетінімізді естен шығармауларыңызды сұраймын, – деді қаланың бас мемлекеттік санитарлық дәрігері.

Жыл басынан бері облыс орталығында карантиндік талапты сақтамай, айыппұл салынған 72 дерек тіркелген. Шаһарда зертхана орталықтарының жұмысы да қызу жүріп жатыр. Қаладағы зертханаларда бір апта ішінде 1687, тәулігіне 250-300 сынамаға зерттеу жүргізіліп жатыр. Одан бөлек қаладағы 12 егу кабинеті де жүйелі жұмыс істеп тұр. Ерлан Ұзақбаевтың айтуынша, өңірдің бас қаласында жылжымалы егу пункттері де қарастырылған. Вакцина көлемі артқан тұста ірі сауда орталықтарында қосымша егу пункттерін ашу жоспарланған.

**А.ЖАЙҚОНЫСҰЛЫ**

**Ең, ең, ең...**

## ӘЛЕМДЕГІ ЕҢ ҮЛКЕН КӨЛ

Біз «теңіз» деп атайтын Каспий – әлемдегі ең үлкен тұйық көл. Ол Еуропа мен Азия аралығында орналасқан. Каспий неоген дәуірінің аяғында жер қыртысының көтерілуі себебінен Қара теңізден бөлініп шыққан. Оның жалпы ауданы 376 мың шаршы шақырым және оның беті теңіз деңгейінен 28 метр төменде жатыр.



Солтүстіктен оңтүстікке қарай 1200 шақырымға созылып жатқан Каспийдің ендірек жері 435 шақырым болса, енсіз жері 193 шақырымды құрайды. Оның суы әлемдегі 5 мемлекеттің жағалауын шайып жатыр. Жағалау сызығының Қазақстан үлесіне – 29% (2340 км), Ресейге – 9%, Әзірбайжанға – 20%, Түрікменстанға – 21%, Иран Ислам Республикасы – 14% тиеді.

Каспий теңізі екі климаттық белдеуле орналасқан. Солтүстігі қоңыржай континентті климатта болса, оңтүстік-батысы құрғақ субтропикте, ал шығысы Орта Азия шұғыл континентте жатыр. Жазда Каспий теңізінің беті қатты қызады, температура барлық бөлігінде де бірдей. Қыста температура өзгеше. Солтүстігінде қысы аязды болып келеді.

Дүние жүзінде жыл сайын ауланатын бекіре тұқымдас балықтың 80 процenttен астамы Каспийге тиесілі. Теңізде өсімдіктің 500 түрі, балық пен жануардың 769 түрі мекендейді. Мұнда бекіре, шоқыр, қортпа секілді балықтың 55 түрі кездеседі.

**А.БІРКЕНОВ**




## ҮНДІСТАНДАҒЫ ДАҒДАРЫС – ӘЛЕМГЕ ТӨНГЕН ҚАУІП

Covid-19 күллі әлемге үлкен қауіп төндірген вирус екені рас. Алайда бұл вирустан өзгелерден гөрі көбірек зардап шеккен мемлекеттер бар. Соның ішінде Үндістандағы ахуалдың күрделі екенін айтқан жөн. Соңғы уақытта мұнда күн сайын мыңдаған адам вирустан көз жұмуда. Осы орайда әлемдік сарапшылар бұл тек Үндістанға емес, күллі әлемге қауіп төндіретінін ескертуде. Осыған орай CNN арнасында Адити Сангалдың «Үндістандағы Covid-19 дағдарысы – бұл әлемдік проблема» атты сараптамалық мақаласы жарияланды.



Автор мақаласын «АҚШ, Ұлыбритания секілді елдер вакциналаудан кейін өз туыстарымен етене араласып бастаса, үндістер күн сайын қайтыс болған туысқандарын санап әлек» деп бастайды. Ол Үндістандағы эпидахуалды ауруға шалдыққандарға көмектесуден бос төсек орны қалмаған және оттегі жеткіліксіз ауруханалар бас тартуға мәжбүр деп суреттейді.

Кейбір елдер оларға көмектесуді бастап кеткен. Мысалы, апта басында америкалық оттегі концентраты жеткізілсе, сәрсенбіде Ұлыбритания, Италия мен Германия елдері медициналық құралдар жеткізсе, дәрілер, желдеткіш пен мониторлар тиелген Ресей ұшағы Делиге қарай бағыт алды.

Үндістандағы басты мәселе – вирусқа шалдыққандарды емдеу болғанымен, вакциналау індеттің бетін қайтарудың бірден бір себепкері ретінде қаралып отыр. Мұнда әлемдегі ең ірі вакцина шығарушы зауыт болғанымен, доза жеткіліксіз және жұмысты үдету мүмкін болмай тұр. Батыс елдері кейбір мемлекеттердің артық вакцина сақтап отырғанын сынға алды. Бірақ Ұлыбританияның денсаулық сақтау министрі елде артық вакцина жоқтығын хабарлады.

Ал Байден министрімен байланысқанын, жақын арада вакцина жеткізуді жоспарлап отырғанын хабарлады. Бұған дейін «Ақ үйдегілер» өзге мемлекеттерге AstraZeneca-ның 60 млн дозасын жеткізетінін, бірақ бұл бірнеше айда жүзеге асатынын айтқан еді.

Ең алғаш Қытайдың Ухань қаласында таралған бұл вирус қазіргі кезде түрлі мутацияға ұшырады. Соның ішінде ғалымдар үнділер арасында оның «B.1.617» атты түрін анықтаған еді. Дегенмен Ұлыбританияда вирустың «B.1.1.7» штамы көбірек таралды. Осы тұста «Қолданыстағы вакцина бұл штамдардан қорғай ала ма?» деген сұрақ пайда болады.

«Соңғы деректер үнділік вакцина вирустың «B.1.617» түрінен қорғауға қауқарлы екенін көрсетті. Сол себептен Үндістандағы эпидахуалды тұрақтандыруда вакциналаудың септігі мол деп тұжырымдауға болады», – деді АҚШ ұлттық аллергия және инфекциялық аурулар институтының директоры Энтони Фаучи.

Бірақ Оңтүстік Африка мен Бразилия секілді елдерде вирустың түрлі мутацияға ұшыраған штаммдары таралғаны белгілі. Олардың барлығына қолданыста жүрген Pfizer/BioNTech, Moderna Inc. және Johnson&Johnson секілді екпелер түрліше әсер етеді. Онымен қоса вирустың жаңа штаммдары көптеп тіркелуде және олардың барлығы ағзаға түрліше әсер етеді. Сол себептен сарапшылар вакцина алдық деп арқаны кеңге жаюға болмайтынын ескертуде.

Үндістанның сарысу институты (Serum Institute of India) наурызда AstraZeneca екпесінің 28 млн дозасын жеткізген болатын. Десе де елдегі ахуалға байланысты наурыз бен сәуірде жеткізуі керек болған тағы 90 млн доза кейінге шегеріліп отыр. Сол себептен Оңтүстік Африка, Бразилия секілді мемлекеттер әзірге үнділерден көмек күтпей-ақ қоюларына болады.

Жалпы Үндістан өздерінде орнаған вирустық дағдарысқа дейін пандемиямен күресте көш бастап тұрған еді. Елдің Премьер-министрі Нарендра Моди COVAX жобасы аясында 2 млн доза жеткізу жоспарымен бөлісіп, әлемді қуантқан еді. Десе де ел ішінде Н.Модидың вирустың таралуына себепкер ретінде кінәлаушылар көп.

Өйткені ол әлемдік пандемияға қарамастан ел ішінде бірнеше аптаға созылған үнділік қажылыққа рұқсат берген. Сонымен қатар оның жақтастары сайлау кезінде митинг ұйымдастырып, көтеріліске шығуы да вирустың таралуына әсер етті деп санайды халық.

Бірақ министр әлі күнге дейін вируспен күресте белсене жұмыс атқарып, вакциналау науқанын ілгерілетуге көмектесуде. Ол 1 мамырдан бастап 18 жастағы және одан жоғары халықты вакциналау үшін жеке компанияларға рұқсат бермек.

Міне, осылайша мақала авторы елдегі эпидахуалды, вирустың алдын алу туралы мамандардың ойларын, вакциналау аясындағы олқылықтарды саралап жазады. Ең соңында автор елдегі күн сайын мыңдап тіркеліп жатқан аурудың алдын алу үшін бұл шешімдерден де басқа тиімді өзгеріс керек деп тұжырымдайды.

Түпнұсқадан аударып, шолу жасаған
**Аслан НҰРАЗҒАЛИ**

**Газеттің келесі саны 5 мамыр, сәрсенбі күні шығады.**

**Меншік иесі:** «Сыр медиа» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

**Бас директор Аманжол ОҢҒАРБАЕВ**

**Қызылорда қалалық «Ақмешіт апталығы» газетінің редакциясы**
**Бас редактор Азиз БАТЫРБЕКОВ**

Телефондар:
Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)
Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1009)
Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1023)
Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1022)
Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір –1013, 1018,1021)

**Газеттің негізін қалаған Әділхан БӘЙМЕН**

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу куәлігі №17657-Г.
«Ақмешіт апталығы» қалалық газеті ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес KZ. 4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.
Аптасына 2 рет, сейсенбі, сенбі күндері шығады.
Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция көзқарасымен сәйкес келе бермейтіндігі, деректер мен мәліметтердің нақтылығына автордың, хабарландыру иесінің жауапты екендігі ескертіледі.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел: 8(7242) 40-06-68
Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына хабарласуға болады.
Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А.
**Таралымы 4850** **Тапсырыс №625**

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4. Т.Жүргенов атындағы Шығармашылық үйі.
Нөмірдің кезекші редакторы Тұрар БЕКМЫРЗАЕВ